

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ - түрік университеті
Шымкент кампусы
«Жоғары медициналық білімінен кейінгі білім беру» факультеті
«ІШКІ АУРУЛАР» КАФЕДРАСЫ

Әлеуметтік мәдени бағыты аясында атқарылған іс шара хаттамасы № 2

29.03.2024ж.

Тақырыбы: «Тарихи-өлкетану орындары мен мәдени, қасиетті орындарға бару іс-шараларын ұйымдастыру аясында «Shym Qala» этноауылға саяхат.

Ұйымдастырған оқытушы: Джаппаркулова А.Б.

Интерн тобы: ЖДТ-

«Shym Qala» этноауылға саяхат.

Тәлімгер өз сөзінде этноауыл туралы деректерге тоқталып кетті: Shym Qala этноауылында тарихи деректерге сүйене отырып, «Жібек жолы» бойындағы көне Шымкент қаласының атмосферасын, тұрмыс-салтын, ұлттық мәдениет, салт-дәстүр мен қолөнер бұйымдарын кеңінен таныстыру мақсатында жоспарланып салынған. Шымкенттің туристік әлеуеті жыл санап артып келеді. Жалпы, бүгінде Шымкенттің тарихи, мәдени орындарына саяхаттау мақсатында түрлі туристік маршрут әзірленіп, олар жайлы ақпарат беретін гид-экскурсоводтар қызметі ұйымдастырылған және туристік автобустар жолға қойылған. Соңғы 9 айда экспресс көрсеткіш бойынша Шымкент қаласына 350 мыңға жуық адам турист келсе, оның 25 мыңнан астамы – шетелдіктер. Ұйымдастырушылар осындай іс-шараларды көптеп ұйымдастырудың арқасында шаһарға келушілердің санын 400 мыңға жеткіземіз деп отыр.

Shym Qala этноауылы өткен жылы Қазақстан халқының бірлігі мерекесі күні ашылған болатын. Үшінші мегаполистің мақтанышына айналған этноауыл туралы қала әкімі қалаға келген қонақтарды ең алдымен осында алып келу керегін, Шымкенттің туризм әлеуетін жаңа белеске көтеретін кешен деп атаған болатын. Айта кетсек, алып кешенде екі негізгі туристік бағыт бар. Екеуі оңтүстік және шығыс қақпалардан басталады. Этноауылдың кіреберісінің сол жағында «Kazdtourism» дүңгіршегі қонақтарға Шымкент туралы кез келген ақпарат ұсынады. Ары қарай келушілерге Шығыс базарының атмосферасы ерекше сезіледі. Себебі, мұнда кәдесыйлар, ұлттық оюмен өрнектелген ұлттық қолөнер бұйымдарын сатып алуға болады. Ал «Шеберлер ауылы» бұл жердің басты сәні мен мән-маңызы. Ұлттық аспаптар, қолөнер бұйымдары, кілем-тоқыма бұйымдары шеберлеріне бөлінген киіз үйлерге бас сұғып, шеберлердің жұмыстарымен таныстық. Этноауылда бұған қоса алып тайқазан, киіз үй үлгісіндегі концерт залы, қолөнершілер ауылы орналасқан. Садақ ату алаңшасында жебе тартып, орталықтың жұмысымен таныстық. Киіз басу, домбыра жасау, бесікке салу, тұсаукесер, қыз ұзату сынды қазақтың салт-дәстүрлерімен тереңірек танысып, құрт, қымыз және көже секілді ұлттық тағамдардың қалай әзірленетінін көруге болады.

Ұлттық туындыны заманауи үлгімен қайта жаңғыртқан шебердің еңбегі инемен құдық қазғандай. Келешек жастардың бойына ұлттық салт-дәстүрлерімізді сіңіру үшін ұлылығымыздың белгісіндей болған төл өнеріміздің орны ерекше. Ұлтымыздың ұлағатын ұрпағыңыздың бойынан көргіміз келіп, тамырыңызбен терең танысқыңыз келсе, Шымқала

этноауылына тартыңыз! Бұл кешен Шымкенттің туризм әлеуетін жаңа белеске көтеретініне сеніміз мол.

Кафедра меңгерушісі:



Аманбаева Б.Қ.

Іс шара ұйымдастырушы оқытушы:



Джанпаркулова А.Б.

